



EGEMEN QAZAQSTAN

газетінің PDF нұсқасы

Сөздің құны мен құдіреті

Қазіргі жаһандану мен ақпараттандыру заманында адамдар арасындағы қарым-қатынас сиреді, тіптен алшақтап барады. Жедел дамып кеткен әлеуметтік желілер тасқынында адамдар сөздің мәнісі мен мазмұнына көніл аударудан қалды.



Сөз жансыздана бастады. Жансыз сөз – тұл болып, жауыр сөз бер қысыр әңгіменің заманы туды. Сөздің салмағы түсіп, қадірі кете бастады. Егер бұрын сөзге тоқтау деген болса, қазір ол да жоқ. Сәйкесінше сөзді еститін құлақ та қалмай барады. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні болмай кетті. Қайда барсан да еститінің кілең бықсық әңгімелер, өсек-аяң мен лепірме бос сөздер. Олардың дұрысы мен бұрысын айырудың өзі қыын. Сөздің мәні әбден кеткен. Оның грамматикасы мен емле қателері сын көтермейді.

Бұрын әкелік сөзбен бала өсіріп, ағалық сөзбен соңынан іні ертуші еді. Адал сөз көнілге сенім ұялатып, жылы сөз бер алғыс білдіру қанаттандырып, сөзі дуалылардың айтқандары халықты жігерлендіретін. Жастар сөз саптауга, ұйтқы сөзді ажыратып, астарлы сөзді түсінуге талпынатын. Осылайша қоғамдық ортада киелі сөзді қадірлеу, қанатты сөзге ден қою, сөздің қыр-сырын түсіну дәстүрі қалыптасатын. Нәтижесінде қазақ даласында Жиренше сынды шешендер пайда болып, жарыс сөз шеберлері мен сөз тапқыштар халықтың көнілін өздеріне аударатын. Сөзінің жаны бар адамдар мен істің тоқетерін айтатын сөзі мірдің оғынданай кісілер қоғамдық пікірге ықпал етіп, салиқалы сөздері мен сынни көзқарастары халық жадында қалатын.

Өмірде сөз ұфатын адамдар, әдетте берген сөзіне, біреумен байласқан уәдесіне берік болып келеді. Сонымен қатар мұндай адамдар екі сөйлемей, сөзін жерге тастанмай, өз сөзінде тұратын. Осыған қарамастан, қазір сөздің қадірі кетіп, құны түскен заманда отырмыз. Бүгін адамдар арасында көпе-көрнеу біреуге сөз тигізу, сөз таластыру, бықсық және былапыт сөздер, даурықпа және еліктеуіш, жел және көпірме сөздерге әуестену белен алып, қанқу сөз бер сөз егесі, өз сөзінен ғөрі біреудің сөзін «түсіндіргіштердің» қатары көбейіп барады.

Адамдар арасында сөз тасу, сөз құмарлық, сөз тыңдамау, сөз қайыру мен сөзбен түйреп мұқату, сөзбен шағу арқылы қатты сөзге келу сияқты жағдайлар кең өріс алуда. Ал сөз бағатындар мен сөз байлауға баратындар, сөздерінен танып, өзгелерге шарт қоюдан тайынбайды. Ондайлар кінәсін мойындамайды, өздеріне шаң да жуытпайды. Мұндайлардың жымысқы сөздері мен әрекеттері әлеуметтік ортаны ластайды, қолынан іс келетіндердің жолын кеседі. Оның сыртында сөзуарлық, аузына келгенін шататын сөзшендер, түйеден түскендей сөздер айтатындар, біреудің сөзін жөнсіз бөліп отыратын немесе басқаны сөйлетпеуге машиқтанып алғандар тағы бар. Сөзінен жаңылып, ғайбат сөздер айтып, біреулерді жазықсыз қарғайтындар да жетерлік.

Сөзбүйдалықтың өмір шындығына айналғандығы өкінішті-ак. Сөзінде тұрмайтындар да үйреншікті құбылысқа айналды. «Айтылған сөз – атылған оқ» деген халықтың даналық сөзі мұлдем ұмыт болған. Осындаға сөз адамды құрдымға кетіріп, оларды арандатып, пиғылын бұзады, қоғамды іштей ірітіп-шірітеді. Ол жағдайдың мемлекет пен халықтың қоғами тұрғыда өркендердеп дамуы мен кемелденуіне, максат-мұраттарға ұмтылып, нақты нәтижелерге қол жеткізулеріне тұсау болатындығы айтпаса да түсінікті.

Бабаларымыздан мұра болып қалған «аталы сөзге тоқтау» деген ұғым бар. Бұрынғылар тілді қөңілдің тілмашы деген. Оның жетпейтін түпкірінің болмайтынын, тіл сүйексіз болса да, сүйектен өтетінін жақсы білген. Сол сияқты сөздің, яғни тілдің қылыштай өткір, тастай қатты екенін де түсінген. Сондықтан қисынды сөзге ешкім күмән келтірмеген. Оны қазақ қоғамы өз тіршілігінің қағидасы ретінде қатты ұстанған. Бұл ортада сөз ұстағандар ерекше құрметке ие болған. Себебі олар жеке бастың немесе жеке бір рудың намысы мен атағына жығылмай, ел мұддесін жоғары қойған. Олай болса, тек «жақсы сөз – жарым ырыс» қана жақсы іске ұласып, тіл табысуға, нақты нәтижелер мен жетістіктерге әкелетіні ақырат. Ұлы Абай айтқандай, «естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген адамның өзі де есті болады». Ендеше естілік қана елдігіміздің кепілі. Сонда гана адам мен адам, халық пен билік сөз табысып, араларында түсіністік пайда болып, этносаралық, дінаралық және қоғамдық келісім қалыптасады, тыныштық орнайды.

Жапсарбай Қуанышев,
саяси ғылымдар докторы